

## Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 қазандағы N 487-ІІ Заңы

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы" 1992 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 16, 424-құжат; 1995 ж., N 20, 120, 121-құжаттар; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 274-құжат; 1997 ж., N 13-14, 195, 205-құжаттар; 1999 ж., N 23, 931-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 24, 338-құжат; 2003 ж., N 10, 51-құжат):

4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап. Жеке кәсіпкерлік қызмет субъектілері

1. Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне мыналар жатады:  
өзіндік кәсіпкерлік субъектілері;  
микробизнес субъектілері;  
шағын кәсіпкерлік субъектілері;  
орта кәсіпкерлік субъектілері;  
ірі бизнес субъектілері.

2. Заңды тұлға құрмай және заңды тұлғаның белгілері болмаған жағдайда кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар өзіндік кәсіпкерлік субъектілері болып табылады.

Заңды тұлға құрмаған жеке тұлғалар және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын, қызметкерлерінің жыл ішіндегі орташа саны 10 адамға дейінгі заңды тұлғалар микробизнес субъектілері болып табылады. Микробизнес субъектілері шағын кәсіпкерліктің құрамына кіреді.

Заңды тұлға құрмаған жеке тұлғалар және кәсіпкерлік қызметпен айналысатын, қызметкерлерінің жыл ішіндегі орташа саны 50 адамнан аспайтын және жыл бойғы активтерінің жалпы құны алпыс мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын заңды тұлғалар шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылады.

Заңды тұлға құрмаған жеке тұлғалар және кәсіпкерлік қызметпен айналысатын, қызметкерлерінің жыл ішіндегі орташа саны 250 адамға дейінгі және жыл бойғы активтерінің жалпы құны үш жүз жиырма бес мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын заңды тұлғалар орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылады.

Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын, қызметкерлерінің орташа жылдық саны 250

адамнан астам немесе активтерінің жалпы құны бір жыл ішінде үш жүз жиырма бес мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын заңды тұлғалар ірі бизнес субъектілері болып табылады.

3. Жеке кәсіпкерліктің барлық субъектілерінің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға тең құқықтары бар.

4. Осы баптың 2-тармағында белгіленген шарттардың бірі артық болып кеткен жағдайда шағын кәсіпкерлік субъектілері орта кәсіпкерлік субъектілеріне жатады, тиісінше орта кәсіпкерлік субъектілері ірі бизнес субъектілеріне жатады.

5. Шағын және өзіндік кәсіпкерлік субъектілері қызметінің жекелеген мәселелері Қазақстан Республикасының заң актілерімен реттеледі."

2. "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" 1997 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 182-құжат; 1998 ж., N 17-18, 225-құжат; 1999 ж., N 21, 778-құжат; N 23, 931-құжат; 2001 ж., N 4, 23-құжат; N 8, 52-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 15, 150-құжат; 2003 ж., N 4, 26-құжат):

1) 1-баптың төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"ойын бизнесі - құмар ойындарды және (немесе) бәс тігу шараларын табыс табу мақсатымен ұйымдастырып, өткізуге байланысты кәсіпкерлік қызмет";

2) 3 - бапта :

4-тармақтағы "келісім-шарт және мердігерлік шарттары" деген сөздер "жеке еңбек шарты" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Заңды тұлға құрмаған жеке тұлғаларды және: есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымымен байланысты қызметті;

акцизделетін өнімдер өндіруді және (немесе) көтере сатуды (алтыннан, платинадан, күмістен жасалған зергерлік бұйымдар өндіруден басқа);

ойын және шоу-бизнес саласындағы қызметті;

стандарттау, метрология, сертификаттау, аккредиттеу және сапаны басқару саласындағы қызметті;

банктік қызметті және сақтандыру рыногындағы (сақтандыру агентінің қызметінен басқа) қызметті;

бағалы қағаздар рыногындағы кәсіптік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаларды шағын кәсіпкерлік субъектілері деп тануға болмайды.";

3) 5 - бапта :

төртінші абзацтағы ", олардың өнімдерін сертификаттаудың" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы он бірінші абзацпен толықтырылсын:

"мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде шағын кәсіпкерлік субъектілерінің

қызметіне Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен тексеру жүргізеді.  
"

4 ) 7 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші абзацындағы "мемлекеттік" деген сөз алып тасталсын;

1-тармақтың тоғызыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдары жол берген шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін регламенттейтін Қазақстан Республикасының заңдарын бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметін х а б а р д а р е т е д і . " ;

2 - т а р м а қ т а :

2 ) т а р м а қ ш а д а :

үшінші абзацтағы "бағдарламалардың орындалуын ұйымдастырады" деген сөздер " бағдарламаларды қамтамасыз етеді және олардың сапалы іске асырылуы мен орындалуына жауап береді" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзацтағы "дамытуды жүзеге асырады" деген сөздер "қалыптастыру мен дамытуды қамтамасыз етеді" деген сөздермен ауыстырылсын;  
мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының шағын кәсіпкерлікті қолдауды жүзеге асыратын уәкілетті органына жергілікті жерлерде бағдарламалардың іске асырылу барысы туралы есептерді және шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметімен байланысты өзге де а қ п а р а т т ы т а б ы с е т е д і . " ;

5) 9-баптың 7-тармағындағы "коммуналдық" деген сөз "мемлекеттік" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

6 ) 1 5 - б а п т а :

2-тармақтың екінші бөлігінің жетінші абзацындағы "қатысуға" деген сөзден кейін "; " белгісі қойылып, "құқығы бар" деген сөздер алып тасталсын және осы бөлік мынадай мазмұндағы сегізінші абзацпен толықтырылсын:

"қызметінің ұйымдастырылуы Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін сараптау кеңестері туралы үлгі ережемен айқындалатын орталық және жергілікті атқарушы органдар жанындағы шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту мәселелері жөніндегі сараптау кеңестерінің жұмысына қатысуға құқығы бар."

**2-бап.** Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*